

БӨЛІМ: ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Заманауи білім беру технологияларының ерекшеліктері

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.11.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/170700/>

Нарымбай Бақытгүл

Заманауи білім беру технологиялары қазіргі қоғамның талаптарына сәйкес білім беру процесін жетілдіруге бағытталған. Олар оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Ең алғашқы ерекшелік бұл Цифрлық технологиялардың қолданылуы. Онлайн платформалар мен қосымшалар Zoom, Google, Classroom, Moodle және басқа құралдар қашықтан және аралас оқытуда кеңінен қолданылады. Электрондық оқулықтар мен мультимедиялық материалдар интерактивті оқу ресурстары оқушылардың қызығушылықтарын арттырады.

Келесі қолжетімділік ол «Дараландыру және икемділік»

Даралану арқылы оқытудың жеке траекториясы әр оқушының қабілетімен қызығушылығына сәйкес жеке оқу бағдарламаларын құру мүмкіндіктерін береді. Яғни, дарынды немесе оқу үлгерімі төмен оқушыларға арналған индивидуалды сабақтар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивті сабақтар траекториясын сабақ жоспарына қосуға мүмкіндіктер береді.

Сондай ақ жаңаша оқыту әдістерінде алуан түрлі әдіс тәсілдерді көздеген мақсатқа сай қолдана аламыз.Топтық жұмыстар мен жобалық оқыту оқушылардың ынтымақтастығын және көшбасшылық дағдыларын қалыптастырады және оқушылардың креативті шығармашылығын дамытады.

Топтық жұмыстар балалардың көшбасшылық қабілетін жақсы көрсетуге және басқа топтармен бәсекеге бейімдікке үйретеді. Бұл ерекшелік балаларды болашақта конкуренцияға қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға мол септігін тигізеді.

Келесі ерекшелік өзін өзі дамыту, өзін өзі жетілдіру технологиясы.

Оқу үдерісі барысында оқушылар зияткерлік оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында жеке жұмыстарды өз бетінше оқу қарастырылады. Яғни, оқушылар білім алу барысында ізденеді, және жеке шығармаларын қосады. Осындай білім алу нәтижесі оқушыны ізденімпаз, жеке жұмысқа қабілетті етеді.

Баланы болашақта білімді жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін педагогтарға өте ыңғайлы технологияларды сараптадық. Бұл технологиялар сабақты қызықты әрі

нәтижелі өтуге үлкен септігін тигізеді.

Жобалық оқыту әдісі (Project-Based Learning)

Жобалық оқыту әдісі балалардың білімді тәжірибеде қолдануына және нақты мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Балалар өз беттерінше зерттеу жүргізіп, проблеманы шешу жолдарын іздейді.

Ұжымдық жұмыс арқылы өзара пікір алмасуды, идеяларды талқылауды үйренеді.

Бұл әдіс оқушылардың жауапкершілігін арттырып, көшбасшылық қабілетін қалыптастырады.

Сыни ойлауды дамыту әдістері

Балаларға ақпаратты тек меңгеріп қана қоймай, оны талдап, бағалауға және жаңа идеялар ұсынуға үйретеді.

SWOT-талдау, дебаттар, миға шабуыл сияқты әдістер сыни ойлауды дамытады. Балалар әртүрлі көзқарастарды салыстырып, дұрыс шешім қабылдауды үйренеді.

STEAM-білім беру

STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) әдісі ғылым, технология, инженерия, өнер және математика салаларын біріктіре отырып, оқушылардың креативті және инновациялық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл әдіс болашақтағы кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін маңызды. Осы технология оқушыларға жан жақты қабілетті болуға үйретеді

Инклюзивті оқыту

Барлық балалардың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың білім алуына жағдай жасауға мүмкіндіктер береді.

Ерекше білім беру қажеттілігі ар балалар сенімді және ынталандырушы орта құра алады.

Бұл әдіс балалардың төзімділік пен түсіністік сияқты қасиеттерін қалыптастырады.

Қашықтан және аралас оқыту әдістері

Заманауи технологияларды пайдалана отырып, оқу үдерісін кез келген жерде ұйымдастыруға болады. Онлайн ресурстарды қолдану арқылы кез келген оқушы қашықтықта болса да өз дициплинасына сәйкес білім ала алады. Цифрлық құралдар, яғни, интерактивті материалдар оқуды қызықты әрі тиімді етуге көмектеседі

Өзін-өзі тану және рефлексия

Өзін-өзі тану жеке тұлға ретінде қалыптасудағы маңызды қадам. Балаларға өзінің күшті және әлсіз жақтарын тануға көмектесу. Рефлексия арқылы өз әрекеттерін талдап, болашақта қалай жақсарту керектігін анықтау.

Қорыта айта кетсек, жаңаша әдіс-тәсілдер балаларды тек біліммен қаруландырып қана қоймай, оларды болашақта жауапты, шығармашыл, және бәсекеге қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әрбір әдістің мақсаты – балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әлеуетін толық ашу. Бұл тәсілдер болашақ ұрпақтың өмір бойы білім алуға деген құштарлығын оятуға бағытталған.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.